



Автор: Базарбайұлы Ернұр

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Дизайн және технология

Тақырып: Белгілі бір интерьерге арналған заттарды дайындау (мысалы: көрме залына арналған модульді жиһаз, трансформацияланатын балаларға арналған жиһаз, сәнді шамшырақ)

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.5.1-Күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау 9.1.6.1-Жобаланатын нысанның техникалық, эксплуатациялық және экологиялық сипаттамаларын ескере отырып, өз бетінше конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды, өңдеу тәсілдерін негіздеп, анықтау және таңдау
Сабақтың мақсаты:	-Жобаланатын нысанның техникалық,экологиялық ерекшелігін, не үшін қолданылатын ескеріп , өңдеу тәсілдерін,табиғи және жасанды материалдарды өз бетінше анықтап,таңдай білу. -Күрделі нысандар,бейнелер мен формалардың дизайнын дайындауға қатысты білімдерін жинақтау;
Тілдік мақсаттар:	Құрылым-Конструкция-Design
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар интерьерге арналған заттарды дайындай алады; -бұйым жасауға қажетті материалдар туралы біледі; -Бұйымның нобайын салу жолдарын үйренеді.
Бағалау критерийлері:	Нақты интерьерге арналған заттарды дайындай білуі; -Бұйымның не үшін қолданылатының,өзіндік ерекшелігін ескеріп,оны дайындау үшін қажет материалдарды таңдап ала біледі; -Өз ойларынан бұйымның нобайын салады,жасалу жолдарын анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылар нақты интерьерге арналған жиһаздарды дайындауды, заттардың құрылымдық ерекшелігін,жиһаз жасауға қажетті материалдар туралы ақпаратты бойына сіңіреді
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Жаңа сабақ бойынша ноутбуктен « Жиһаз өндірісі» тақырыбында презентация көрсету
Пәнаралық байланыс:	Тарих, сызу,әдебиет,орыс тілі, ағылшын
Бастапқы білім:	Оқушылар алдыңғы сабақта интерьер туралы ,жиһаздар жайлы мәлімет жинақтады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3)	I.Ұйымдастыру кезеңі -Сыныппен амандасу. Сыныптағы оқушыларды түгендеу. Топқа бөлу. «Кір жаятын жіп» әдісі арқылы 1 сурет – Қаратөбедегі атақты адамдарға қойылған мүсіндер немесе кесенелер суреті 2 сурет- Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер. (Жаз,күз,көктем,қыс) II. «Миға шабуыл» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. 1. Интерьер дегеніміз не? 2. Интерьер заттарына қандай заттар жатады? 3. Жиһаздардың өндірілуі жолдары?	Жіпте жайылған фотосуреттерді алып, түріне сай топтарға бөлінеді.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (31)	Жаңа білім. Білу және түсіну Оқушыларға жаңа тақырып бойынша қысқаша түсінік беру.Қауіпсіздік ережелерін еске салу. Презентация. «Жиһаз өндірісі» Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Қолдану . Постер жасату. Жалпыға арналған тапсырма. Оқушылар жаңа тақырыпқа сай оқулықты қолдана отырып өз түсінгендерін постерге түсіреді.Топ болып қорғайды. Дескриптор: 1.Тақырыптың негізгі ақпараттарымен танысады. 2. Тақырыпқа байланысты жүйелі сұрақтар құрастырады. 3.Қажетті ақпараттармен бөліседі. Қалыптастырушы бағалау. «Ой қоржын» әдісі.Оқушылар жаңа тақырып бойынша өз пікірлерін параққа жазып,қоржынға салады.Мұғалім таңдап алып,оқиды.Сынып болып талқылайды. Практикалық жұмыс: Тапсырма: Көрме залына арналған креслоның жобасын дайындау. Дескриптор: -Бұйымның түрін,құрылымын ойластырады; - Құрылымның негізгі бөлшектерін нақтылайды; -Бұйымның бөлшектерінің нобайын салады. Бағалау: Оқушылар бір-бірлерінің жұмыстарын «Галереяға саяхат» әдісі бойынша бағалайды. Қалыптастырушы бағалау. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі Оқушылар екі сәтті жағын және сол жұмысқа өз ұсынысын жазады	Оқулық,9 сынып көркем еңбек мәтіндер. Ноутбук https://www.google.com/search?biw=1366&bih=66 Постер жасату. Оқушылар өз ойларын постерге жазып қорғайды. Плакат,маркер «Ой қоржын» әдісі Қоржын,қағаз, қалам Сурет дәптер,қарындаш «Галереяға саяхат» әдісі «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі
Сабақтың соңы (3)	Қорытынды. «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе, сол алтын балық болады, оқушы алтын балықтың маскасын киіп, ортаға шығады. Басқа оқушылар оған жаңа сабақ бойынша сұрақтар қояды. Егер жауап бере алмаса топ мүшелері көмектесуіне болады.	«Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі
Рефлексия (3)	«Желкенді қайық» әдісі Үйге тапсырма: Нобай дайындау.	«Желкенді қайық» әдісі